



АСТАНА

АҚШАМЫ

Мәңгілік Мұқағали

Жылда ақпан айының басында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күнін ел болып атап өту үрдіске айналды. Басқасын айтпағанда, Астананың мемлекеттік академиялық филармониясы бірнеше жылдан бері қазақ жырының Хантәңірісі атанған тұлғаға арнап ән-жыр кешін өткізуде. Ал Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры режиссер Болат Ұзақов сахналаған Серік Тұрғынбекұлының «Мұқағали» поэтикалық драмасын 9 ақпан күні үзбей қойып келе жатқанына 15 жылға жуықтады. Биыл бұл қатарға «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы да қосылып, кеше «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кешті ұйымдастырды.



Осы жолы астаналық филармония ұйымдастырып, өнер ошағының шығармашылық ұжымдары мен солистері қатысқан кеш алдындағылардан ерек болды. Өлең мен ән қатар өрілген кешке келген көрермендер екі сағатқа жуық уақыт бойы Мұқағалидың рухымен тыныстады. Сахнаның төріне ақын бейнесі кескінделіп, Алатау биігінен қанатын қомдап ұшып шыққан мұзбалақ Арқа төсіне қонғандай әсер етті.

«Мен ХХІ ғасырдың құрдасымын. Бәлкім одан кейінгі ғасырлардың да құрдасы шығармын» деген сөздерді күнделігіне жазып кеткен шайыр өзінің шығармашылық ғұмырын дәл болжады. Оның өлеңдері қазір де ел аузынан түспей жүр. Ал әнге айналғандары қаншама! Музыка майталмандары

Нұрғиса Тілендиев пен Шәмші Қалдаяқовтан бастап қазіргі композиторларға дейін Мұқағалидың өлеңдеріне құмартып, ән шығарды. Ақынның жырларына жаңа әндер әлі де жазылуда. Халыққа таныс бірнеше әнмен қатар тың музыкалық туындылар кеште жанды дауыста шырқалды. Бізге бір ұнағаны, әндер, негізінен, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов дирижерлік еткен Қазақ оркестрінің немесе «нағыз қазақ» – домбыраның ғана сүйемелдеумен шырқалды. Эстрадалық бағытта тек қана екі ән айтылды.

Ақиық ақын бейнесіне енген жас әртіс Әділет Рахымбаев, ҚР Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев өлеңдерді оқыса, дарынды көркемсөз оқу шебері Ақгүл Жарылқасын Мұқағалидың монологтарымен, жырларымен сусындатты.

Кезінде Нұрғиса Тілендиев пен Мұқағали Мақатаев 35 күн бірге жүріп, 31 ән жазып тастаған екен. «Сөнбейді әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауына», «Мен сендерді іздеймін», «Саржайлау» сынды сол қатардағы әндер осы концертте де шырқалды. Бір әннің тарихын да айта кетсек, «Мен сендерді іздеймін» әнінің дүниеге келуіне халқымыздың даңқты перзенті Бауыржан Момышұлы себеп болыпты. Ақын мен композитор батырдың майдандас достарын сағынып отырған кезінің үстінен түсіп, содан осы ән дүниеге келген.

Мұқағали біртуар композитор Шәмші Қалдаяқовпен дос болғаны белгілі. Ән сүйер қауымда «Шәмші Мұқағалидың өлеңдеріне ән жазбаған ба?» деген сұрақ туындаушы еді, кейінгі жылдары оның да жауабы табылды. Екеуі «Талдықорған» әнін жазған екен. Бұл әнді халыққа Алма Аманжолова танытты. Ал бұл кеште Арайлым Рақымқызы орындады.

Мұқағали дегенде композитор Тұрсынғазы Рахимовті, Тұрсынғазы Рахимов дегенде Мұқағалиді еске алатынымыз бар. Шындығында да, композитордың шығармашылығында Мұқағали өлеңдерінің алатын орны зор. Басқаларын айтпағанда, оның «Сәби болғым келеді», «Қазағым-ай», «Аягөз ару» әндерін білмейтін қазақ кемде-кем. Кеште бұл туындылар мен Тұрсынғазының елге жете қоймаған «Санаулы күн» әні айтылды.

Тұрсынжан Шапай, Гүлнәр Дәукенова сынды композиторлардың Мұқағалидың өлеңдеріне жазылып, халықтың көңілінен шыққан «Қайран, Қарасазым», «Күрең күз» әндері де жаңғырды. Талантты композитор Жәудір Артықбаеваның «Мұнайдым өзің жоқта» әнін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлзира Бөкейханқызы сызылтты. Көрермендер Алмахан Кенжебекованың «Жапырақ жүрек жас қайың» әнінің бағын ашқан әнші Индира Расылханға қол соқты.

Кеште тың туындылар деп айтуға тұрарлық Мейірхан Адамбековтің «Кезімде қадірімді сезбес мынау», Әйгерім Нартуеева, Перизат Тұрарова, белгілі әнші Айгүл Қосанова шырқаған «Аққулар, қош болыңдар», «Еске аламын», «Ақынды аңсау» әндері әуеледі. Әсерлі кеш Мұқағали Мақатаев өзі айтқандай, «өлеңді ешкім өлтіре алмайтынын», өміршең өлеңдерімен бірге ақиық ақын да жасай беретінін паш етті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ